

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша үйлестіру кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 2869 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 26 қаңтарда N 1603 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 03 қыркүйектегі N 2516 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2007.09.03 N 2516 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырындағы N 111 "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы" Заңының негізінде және Шығыс-Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 1 маусымдағы N 108 " Өскемен қаласы әкімінің Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы" Заңының орындалуын қамтамасыз ету бойынша жұмысының жағдайы туралы" қаулысын орындау мақсатында Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қала әкімі жанында Үйлестіру кеңесі құрылсын.

2. Қосымшаға сәйкес салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша Үйлестіру кеңесінің Жағдайын бекіту.

3. "Өскемен қаласының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (Е.Т. Мәсәлімов) Үйлестіру кеңесінің құрамын қалалық мәслихаттың сессиясында бекіту үшін қала әкімінің келісуіне ұсыну.

4. Қаулының орындалуын бақылауы қала әкімінің орынбасарына Байбатчин Е.А. жүктелсін.

Өскемен қаласының әкімі

Қ а л а ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 5 ж е л т о қ с а н
N 2689 қаулысымен Бекітілген

Қ а л а ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 5 ж е л т о қ с а н
N 2689 қаулысына Қосымша

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша Үйлестіру кеңесінің ЖАҒДАЙЫ

1. Жалпы жағдайлар

1. "Қазақстан 2030" Салауатты өмір салтын қалыптастыру сауалдары бойынша елбасшысы Президенттің Арнауында Қазақстан халқына деген қойылған тапсырмаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі құрылған.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастыру сауалдарының шешімін шығаруға қалалық қоғамдық ұйымдарының, денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру басқармаларының өзара іс-қимыл жасауын Үйлестіру кеңесі жүзеге асырады.

3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру сауалдарында органдардың жұмысын үйлестіріп және денсаулық сақтау мекемелерінің іс-қимыл жасауын қамтамасыз етіп кеңестік-кеңесші органы болып табылады.

2. Үйлестіру кеңесінің тапсырмалары

4. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жағдай жасау және тұрғындардың жауапкершілігін жоғарылату сауалдарында басқармалардың, комитеттердің, қоғамдық ұйымдарының іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету.

5. Үнталандыру облысында және салауатты өмір салтын олардың іс-әрекетін үйлестіру.

6. Тұрғындардың гигиеналық оқытуын және сауықтыруын ендіруге іс-әрекет жасау.

7. Медициналық органдарының, мекемелердің және қоғамдық ұйымдарының алдында салауатты өмір салтын қалыптастыру және алдын алу сауалдары бойынша қойылатын проблемалары.

8. Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары бойынша қоғамдық ақпараты облысында мемлекеттік, мемлекеттікке кірмейтін және меншік құрылымдарын үйлестіру және ынтымақтастығын кеңейту.

3. Үйлестіру кеңесінің қызметі

9. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға жіберілген нұсқамаларды әзірлеу.

10. Салауатты өмір салтын насихаттау нысанын және жаңа әдістемелерді әзірлеуге мүдделі басқармаларының ұйымдастыруы.

11. Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары бойынша қоғамдық ақпараттық сауалдарының каналдары бойынша ағарту жүргізуін қамтамасыз ету мақсатымен қоғамдық ақпараттық өзара іс-қимыл жасау.

4. Үйлестіру кеңесінің іс-әрекетін және жұмыс тәртібін ұйымдастыру

12. Үйлестіру кеңесін қала әкімі басқарады.

13. Қала әкімінің орынбасары болып табылады.

14. Үйлестіру кеңесінің мәжілісі 3 ай сайын өткізіледі.

5. Үйлестіру кеңесінің іс-әрекетін тоқтату тәртібі

15. Үйлестіру кеңесі өзінің іс-әрекетін қала әкімдігінің қаулысына сәйкес тоқтатады.

Қала әкімі аппаратының жетекшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК